

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналасу үшін біржолғы талондардың бағасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 наурыздағы № 4/11 шешімі. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 сәуірде № 1-15-124 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 шілдедегі № 11/22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 21.07.2010 № 11/22 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылдың 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қорғалжын аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін біржолғы талондардың бағасы № 1, № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мерзімі өтуіне байланысты аудандық мәслихаттың "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін "2008 жылға біржолғы талондардың бағасын бекіту туралы" 27.06.2008 № 4/5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-15-112 тіркелген, 2008 жылғы 12 тамызда "Қорғалжын өңірі" № 16 газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы Ж.Темірбек

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
хатшысы Ө.Балғабаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қ о р ғ а л ж ы н а у д а н ы н ы н
әкімі С.Қасенов

**Қорғалжын ауданы бойынша
Салық басқармасының
Т.Ахмеулин**

бастығы
Қ о р ғ а л ж ы н
а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
30.03.2009 ж . № 4/11 ш е ш і м і н е
№ 1 қосымша

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін бір жолғы талондар бағасын бекіту туралы

№ р/с	Қызмет түрлерінің атауы	Бір күнге бір жолғы талондар бағасы, теңге есебімен
1	Жүзеге асыру (стационарлық үй-жайларда жүргізілетін қызметтерден басқа):	
	1. Газеттер мен журналдар	1 5 0
	2. Тұқымдар, сондай-ақ отырғызатын материалдар (ағаш, жемістер)	1 2 0
	3. Бау-бақша өсімдіктері	2 0 0
	4. Саяжайларда, үй маңында өсірілген гүлдер	1 2 0
	5. Жеке меншік ауылшаруашылық, бақша, саяжай өнімдері	250
2	Жер учаскелерін өңдеу жөнінде жеке меншік трактор иелерінің қызметі	170
3	жеке меншік жеңіл және жүк таситын автокөлік иелерінің жолаушылар тасымалдау, жүк тасу жөніндегі көрсететін қызметтері (лицензияланған тасымалдаудан басқа):	
	1. Жеке меншік автокөлікпен жолаушылар тасымалдау	6 0 0
	2. Жүк тасу	6 0 0
	3. Көмір тасу	9 0 0
	4. Шөп тасу	6 0 0
	5. Сабан тасу	3 0 0
	6. Кебек тасу	600

Қ о р ғ а л ж ы н
а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
30.03.2009 ж . № 4/11 ш е ш і м і н е
№ 2 қосымша

Қорғалжын аудандық базарында заттар сату жөніндегі бір жолғы талондар бағасы (базар аумағындағы келісім-шарт бойынша жалға алынған үй-жайлардан басқа)

--	--	--

№ р/с	Заттардың және сауда-саттық қызметі түрлері бойынша жалға жұмыс пен қызметтердің атауы	Бір күнге берілетін бір жолғы талондар бағасы, теңге есебімен
1	Ет	450
2	Балық	130
3	Сүт өнімдері	100
4	Жеміс-жидектер, көкөніс	150
5	Кондитерлік заттар	300
6	Тағамдар	150
7	Б а с а) теріден жасалған б) тері және жасанды тері	к и і м д е р қ ұ л а қ ш ы н д а р 1 8 0 150
8	Тері-жүн бұйымдары	270
9	Киімдер	200
10	Аяқ киім	200
11	Құрылыс материалдары	250
12	Балалар ойыншықтары	150
13	Шұлықтар	150
14	Кір жуатын заттар	150
15	Шаруашылық заттары	150
16	Қосалқы бөлшектер	450
17	Бұрын қолданған қосалқы бөлшектер	250
18	Өтірлер, әшекей бұйымдар	150
19	Кеңсе заттары	120
20	Электр заттары	180
21	Көліктен заттар жасау (жеміс-жидектер, көкөніс)	250